

ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

Қайда бағыт алдың, Жамбыл спорты?



Жамбылдың спорты соңғы 20 жыл бедерінде кері кетіп бара жатқандай әсер қалдырады. 2004 жылы өткен Афина Олимпиадасында боксшы Бактияр Артаев төртжылдықтың басты додасында атой салғаннан кейін өңір спортшылары кейінгі төрт Олимпиадада бар болғаны үш жүлде иеленген. Оның екеуі дзюдошы Елдос Сметовке тиесілі болса, бір медаль еркін күрес шебері Ақжүрек Танатаровқа бұйырған. Ал боксшыларымыз Афинадан кейін Олимпия ойындарында медаль атаулыны түсінде көрмесе, өңінде көрмеген.

Табиғат
МҰСЫЛМАНҚҰЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Деректерге сүйенсек, өңір спортшылары олимпиадалық спорттың жиырмадан астам түрімен айналысады. Бірақ тәуелсіздік алғалы бері Олимпиадаларда тек бокс, еркін күрес, дзюдо секілді спорт түрлерінен ғана олжа салыппыз. Соңғы екі Олимпиадада дзюдошы Елдос Сметов медаль алмаса, жүлденің маңайына жуықтамағандай едік. Сонда басқа спорт түрлерімен шұғылданатын спортшылар мен оларды баптағайн бапкерлер не бітіріп жүр?

Жорабек Баубеков басқаратын Меркі ауданындағы Кеңес ауылының жағдайы спортқа жанашыр кез келген адамның жүйкесіне ши жүгіртетіні анық. Елді мекендегі жетпіске жуық ауыл баласы күрес секциясына жазылған. Бірақ олар жұрт қатарлы спорт кешенінде немесе спортзалда жаттықпайды. Ауыл сахнасында шынығып, ащы терін шығарып жүр. Мұнда шомылу бөлмесі де, киім ауыстыратын бөлме де, басқа да жок. Әншейінде чемпиондар ауылдан шығады деп көкірек керетініміз бар. Ал сахнада жаттығып жүрген кеңестік жігіттерден кім қандай нәтиже сұрай алады?

«Сырттан келген адамдар біздің жағдайымызға қарап, миықтан күледі. Әсіресе қаладан келгендер күлкісін тыя алмай жатады. Біздің де сол жігіттер секілді дұрыс

жерде жаттығу жасағымыз келеді. Алайда ондай мүмкіндігіміз жок. Спортқа деген қызығушылықтың арқасында жаттығуымызды тоқтатқан емеспіз. Біресе мектепте, біресе осы жерде шынығып жүрміз. Қатарластарымызға ауыл сахнасында шынығатынымызды айтуға ыңғайсызданамыз», дейді қазақ күресінен облыс чемпионы Мұрагер Базарбай жағдайды түсіндіріп.

Ауыл жұрты мен жаттықтырушылардың айтуынша, мәдениет үйінде өтетін іс-шаралар кейде спортшылардың жаттығуды беймезгіл үзуіне себеп болады екен. Мұндай жағдай балалардың ұдайы спорттық бабында болуына кері әсер ететіні сөзсіз.

«Би үйірмесіне ансары ауғандар да, домбыра үйірмесіне жазылғандар да осында келеді. Одан бөлек, әкімнің жиналысы да дәл осы жерде өтеді. Соның салдарынан кейде балалардың жаттығу үдерісі тоқтап қалады. Мұнда іс-шара ұйымдастырылатын кезде бозкілемді жинап аламыз, жиындар біткеннен кейін қайтадан төсеп жатамыз. Бір сөзбен айтқанда, мұның барлығы уақытымызды алады», дейді қазақ күресінен балалардың жаттықтырып жүрген бапкер Ақжол Сатаров жанайқайын жеткізіп.

Кеңес ауылы шағын елді мекендердің санатына кірмейді. Мұнда бір қауым ел тұрады. Соған қарамастан, ауыл балаларының саламатты өмір салтын ұстануына, спортпен шұғылдануына ешқандай

мүмкіндік қарастырылмағаны жергілікті халықтың жанына батады.

«Мұнда спортшы жаттығатын қажетті темір-терсек жок. Оны көтермеген бала қалай ғана чемпион атағына қол жеткізеді? Ауылымызда балалардың спортпен дұрыстап айналысуына жағдай жасалса, жөні түзу спортзал болса деп армандаймыз. Жаттығуға келген жігіттер терлеп-тегішіп шығады. Тергемайшынып шыққан балалар үйге жеткенше суықтап қалады. Соның салдарынан түрлі аурулар пайда болады. Мұндай мәселенің бәрі жуынатын бөлменің жоқтығынан туындап отыр. Жанайқайымызға құлақ түретін жан табыла ма?» дейді ауыл тұрғыны Елдос Алтынбеков жағдайды түсіндіріп.

Жергілікті атқарушы билік кеңестік балалардың спортта ауыз толтырып айтарлықтай табыстарға қол жеткізіп жүргенін жоққа шығармайды. Алайда олардың мәселесін оңынан шешу үшін екі жыл уақыт керек екенін алға тартып отыр.

Үш мыңға жетеғабыл тұрғыны бар Кеңес ауылында осы күнге дейін спортзал мәселесі шешімін таппағаны кімді де болсын ойландырмай қоймайды. Ауданды басқарған талай әкім түйінін тарқата алмаған мәселені Жорабек Баубеков шеше ала ма? Кім білсін...

«Бұл енді уақытша қалыптасып отырған жағдай ғой. Ауылдық жерде мәдениет үйінен басқа ыңғайлы ғимарат

жок. Сондықтан балалар осында спортпен шұғылданады. Жарыстарға сол жерден аттанады», дейді Меркі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Азамат Қасабеков мәселенің мәнісіне үніліп.

Деректерге сенсек, аудандағы қырықтан астам елді мекеннің оннан астамында спорт кешені жок екенін айтады. Кейбір ауылдар спорт кешені салынады деп үміттенбесе де болатын секілді. Себебі адам саны аз ауылдардың жастары көрші ауылдарға барып жаттығады.

Өңір спортшылары Афина Олимпиадасына дейін төртжылдықтың басты додасынан медальді күреп әкелген деуге де болады. Алматы мен Ақтөбеде жүрді демесек, тарихқа Жамбыл облысының сайыпқыраны ретінде енген боксшы Ермахан Ыбырайымов Атлантада қола жүлде иеленсе, Сиднейде чемпион атанды. Болат Жұмаділов екі Олимпиадада күміс медаль олжалады. Еркін күрес шебері Ислам Байрамуковтың күмісі мен боксшы Болат Нияымбетовтің қола жүлдесінің қасында кейін қоржынға түсірген жүлделеріміз сан жағынан жіп есе алмайды.

Өңір спортшылары Олимпиада бағдарламасына енетін жиырмадан астам спорт түрімен шұғылданатынын айттық. Алайда нәтижеге санаулы спорт түрінен ғана қол жеткізіп келеміз. Мұның сыры неде? Неден мүлт кеттік? Облыс әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Арман Тәшметов осы мәселеге бас ауырта ма екен? Тәуелсіздіктің елең-аланындағы нәтиже мен кейінгі жиырма жылдықтағы нәтижені салыстырғанда амалсыз «Қайда бағыт алдың, Жамбыл спорты?» деген сауалды өзімізге қарата қойып, жауап таба алмай қиналамыз. Ұлттық спорт пен Олимпиада бағдарламасына еңбейтін спорт түрлерінен қол жеткізген қоржын-қоржын жүлдені ешкім тартып ала алмайды. Өңіміз Олимпиадалық спорт түрлері қақында болып тұр...

Қалай алып қарасақ та бірде қазақ күресінің шебері, енді бірде дзюдошы болып жүрген кеңестік 63 балаға жайлы спорт кешені керек-ақ...

Жамбыл облысы

ТҰҒЫП



Жировтың есімі – әлемдік Даңқ төрінде

АҚШ-тың Калифорния штатындағы Лонг-Бич қаласында өткен салтанатты іс-шара барысында жекпе-жек өнерінің «Даңқ залына» еліміздің атақты боксшысы Василий Жировтың есімі енгізілді. Бұл жаңалықты жер-жаһандағы миллиондаған жанкүйер жылы қабылдады.

Ғалым СҮЛЕЙМЕН,
«Egemen Qazaqstan»

Расында Вася ондай құрметке лайық. Спорттық мансабын Балқаш қаласында әйгілі бапкер Александр Апачинскийдің қол астында бастаған жерлесіміз уақыт оза өз дәуірінің ең мықты боксшыларының бірі әрі бірегейіне айналды. Өуеской рингте ол жастар арасында КСРО және Еуропа чемпионы атанды. Ересектер дуына қосылғаннан кейін де Жировтың жеңісті жолы жалғасты. Өуелі ол ТМД біріншілігінде топ жарып, Азия ойындарында үшінші орынға табан тіреді. Азия чемпионатында алтын мен күміс медальдерді еншіледі. 1993 және 1995 жылдардағы әлем чемпионаттарында қола медальді қоржынға салды. 1996 жылы Атлантада алауыз тұтанған Олимпияда ойындарында бас жүлдені олжалап қана қоймай, ең үздік боксшыға тиесілі Вэл Баркер кубогін де төбесіне көтерді.

Атлантадағы дода аяқталғаннан кейін Василий Жиров кәсіпқой рингте күш сынасты. 1997-2009 жылдар аралығында 42 мәрте шаршы алаңға шыққан ол 38 рет жеңіс тойын тойлады. 32 қарсыласын нокаутқа жіберді. 1999 жылдың 5 маусымында АҚШ-тың Миссисипи штатындағы Билоски қаласында «Балқаштың барысы» IBF нұсқасы бойынша бірінші ауыр салмақтың чемпиондық белбеуі үшін таласып, жергілікті боксшы Артур Уильямсты жетінші раундта ұрып жықты. Содан кейін ол небір дүлей күш иелерін есінен тандырып, өз атағын алты мәрте сәтті қорғады.

2001 жылдың 6 ақпанында Вася өзінің кезекті кездесуін Алатау

баурайында өткізді. Сол кезде Алматыдағы Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында инешаншар орын болмады. Еліміздің әр аймағынан келген жанкүйерлер Қазақстанның кәсіпқой бокс тарихындағы тұңғыш әлем чемпионына барынша қолдау көрсетті. Жиров ел сенімін ақтады. Пуэрто-Рикодан келген Алекс Гонсалесті сол қолымен иектің астынан ұрып, бірінші раундтақ сұлатып салғаны есімізде.

2003 жылы Жиров алғаш рет жеңілістің кермек дәмін татты. Ол АҚШ-тың алыбы Джеймс Тоуниден ұпай санымен ұтылып, алтын белбеуден айырылды. Сол жылдың күзінде угандалық Джозеф Киванукиді қапы қалдырғаннан кейін Василий ауыр салмаққа ауысууды жөн көрді. Бұл оның қателігі болды. Алыптармен тоғыз рет айкасқан ол алты рет жеңіске жетсе, үш жекпе-жекте сан соғып қалды. Атап айтсақ, жерлесіміз Джо Меси мен Майкл Мурерге есе жіберіп, Орлин Норриспен тең түсті. Бір айта кетерлігі, Мурерден ол нокаутпен жеңілді. Өзінің соңғы кездесуін Жиров 2009 жылдың 17 қазанында Джонатан Уильямске қарсы өткізіп, бұл бәсекеде айқын басымдық танытты. Содан кейін жерлесіміз былғары қолғабын шегеге ілді.

Василий Жиров еліміздің ғана емес, әлемдік бокс тарихында да айтарлықтай із қалдырғаны анық. Ол – Қазақстаннан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы, Баркер кубогінің иегері және кәсіпқой бокстан алғашқы әлем чемпионы. Сондықтан да «Балқаш барысының» есімі жекпе-жек өнерінің «Даңқ залы» мен әлемдік спорт тарихында алтын әріптермен жазылуда әбден лайық.

ТОО «КАЛИНИНА»

ТОО «КАЛИНИНА» в соответствии с Законом РК от 22 апреля 1998 года №220-І «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 24.11.2021 г.) и Уставом товарищества извещает о проведении внеочередного общего собрания участников товарищества, которое состоится в 10 часов 00 минут 26 июня 2023 года.

Регистрация участников производится по адресу: РК, ВКО, Катон-Карагайский район, с.Солдатово, ул.Астана, здание 1А.

Повестка дня собрания:

- Предоставление движимого имущества ТОО «КАЛИНИНА» с правом внесудебной реализации в залог ТОО «Кредитное товарищество «Зыряновское» и АО «Аграрная кредитная корпорация»;
 - Наделение полномочиями директора ТОО «КАЛИНИНА» на подписание договоров залога, дополнительных соглашений и иных документов, связанных с реализацией проекта.
- Порядок проведения собрания ТОО регламентируется ст.47 Закона РК от 22 апреля 1998 года № 220-І «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью». Собрание проводится очно.

ТОО «Tselinnaya Company» (БИН 140640003559) сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, ул. Гете 4, тел.: 8 701 526 07 24

ТОО «Шалкар.Строй.Монтаж», БИН 170340009870, сообщает о ликвидации предприятия. Претензии принимаются в течение 2 месяцев со дня публикации объявления по адресу: Актюбинская обл., г.Шалкар, ул.Азаттық, дом 1., тел.: 8 705 494 46 30.

ТОО «Max Mod» (БИН 180740027834) сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Алматы, Наурызбайский район, мкр. Таусамалы, ул.Жанат, д. 17, телефон: +7 (727) 317-13-73.

НАҚЫШ

Жаңа жейдемен – жетістікке

Қазақстан футбол федерациясы (ҚФФ) елордадағы Тұңғыш Президент мұражайында алдағы футбол маусымына арналған әртүрлі деңгейдегі ұлттық құрамалардың жаңа ойын жейдесін таныстырды. Футболшылардың спорттық жейдесін Италияның әйгілі «Errea Sport» компаниясы ұсынып отыр.

Әли БИТӨРЕ,
«Egemen Qazaqstan»

Іргетасы 1988 жылы қаланған «Errea Sport» брендімен былтыр УЕФА келісімшартқа отырып, ұлттық құрамалардың жаңа жейдесін дайындауға уағдаласқан еді. Сол келісім аясында аталған компания бүгінге дейін Кипр, Беларусь, Люксембург, Лихтенштейн, Мальта, Андорра, Фарер аралдары және Сан-Марино сияқты ұлттық құрамаларға жаңа жейде дайындап берген болатын.

ҚФФ мен УЕФА ұлттық құрамалардың жаңа футбол жейдесін дайындау мен қамтамасыз ету жөніндегі келісім бойынша енді «Errea Sport» Қазақстан ұлттық құрамасының жаңа серіктесі



атанып отыр. Бұған дейін біздің ұлттық құрама футболшылары жасыл алаңда «Adidas» бренді ұсынған жейдемен өнер көрсетіп келгенді.

Бір айта кетерлігі, бұған дейін Қазақстан футбол федерациясы жейде жеткізумен айналысатын спорттық ұйымдардың тек өздері ұсынған өнімін ғана пайдаланып келген болса, «Errea Sport» компаниясына ұлттық құраманың жаңа жейдесінің дизайнын дайындауда отандық «Стеоп» компаниясы

көмектесіп, жейденің қазақы нақышта жасалуына септігін тигізген. Яғни жейде мотивтерінен қазақы ою-өрнектерді кездестіруге болады. «Errea Sport» компаниясы ұлттық құрамаға үш ойын жейдесін ұсынды. Олар: үйдегі (сары түс), қонақтағы (көк) және қосымша (қара).

Қазақстан ұлттық құрамасы жаңа жейдемен алғашқы ойындарын маусым айында Сан-Марино және Солтүстік Ирландиямен өткізеді.